

Отбасы – ұлағат ұясы

Қазақстан Президентінің Жарлығымен Отбасы күні тәрбие жайлы көптеген мағлұмат алды. қыркүйек айының екінші жексенбісі болып бекітілді.

Осы мереке қарсаңында, «Оқылым – өмір бейнесі» бағдарламасы аясында «Отбасы – ұлағат ұясы» атты кездесу кеші орталық кітапхананың оқу залында өткізілді. Кешке Киевка орта мектебінің 9-шы сынып оқушылары қатысты. Өткізілген іс-шараның мақсаты – халқымыздың болашағы болып табылатын өскелең жас ұрпаққа отбасылық құндылықтарды насихаттап, кітап оқуға баулу.

Кеш барысында көптеген қазақ және шетел авторларының көркем шығармаларында отбасы тақырыбының өзіндік орны бар екенін айта келе, кітапхана қызметкерлері «Отбасы – көркем әдебиетте» деп аталған кітап көрмесіне шолу жасады. Көрмеге М.Әуезовтің «Абай жолы», Абайдың қарасөздері, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан», З.Ахметованың «Жарқын күндер», Б.Соқпақбаевтың «Менің атым қожа» атты шығармалары қойылды.

Балалар осы кітаптардан үзінділер оқып, отбасылық

тәрбие жайлы көптеген мағлұмат алды.



Сонымен қатар, кешке қатысушылар «Шабыт» әдеби өмір клубының мүшелері Бақытұлы Жандос пен Оспанов Ерланның орындауындағы қазақ ертегісінен алынған

«Қарттың ұлына өсиеті» атты көрінісін тамашалады.

«Отбасы – ақындар өлеңінде» деп аталған көрменің екінші бөліміне белгілі ақындарымыз: Қ.Аманжолов, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, Т.Молдағалиев және тағы да басқа ақындардың шығармалары қойылып, отбасы туралы өлеңдерінен үзінділер оқылды.

Сондай-ақ, «Шабыт» клубының мүшелері өздерінің отбасына арнаған өлеңдерін көрермендерге тарту етті.

Кеш соңында оқушылардың мақал-мәтелдерді есте сақтау қабілеттерін арттыру мақсатында «Жалғасын тап» ойыны ойнатылды. Шара барысында белсенділік көрсеткен оқушылар алғыс хаттармен марапатталды.

С.А. Мұстафина
Оқырмандарға қызмет көрсету секторының
меңгерушісі